

Ресей Федерациясына сәулеленген ядролық материалдарды әкетуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 шілдедегі N 1052

"Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсету) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 Р960298_ қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығында ресей ядролық материалдарын пайдалану туралы 1995 жылғы 15 маусымдағы Ресей Федерациясының Атом энергиясы жөніндегі министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен және Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттік арасындағы Келісімнің негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының Атом энергиясы институтына бөлінгіш изотоп уран-235 (СЭҚ ТН коды 2844 20 190/ бойынша 138205 грамм мөлшерінде сәулеленген ядролық материалдарды Ресей Федерациясына әкетуге рұқсат берсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының Атом энергиясы институтына белгіленген тәртіппен көрсетілген мөлшердегі ядролық материалдарды әкетуге лицензия берсін.

3. Ядролық материалдарды әкетуге бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттікке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі